

**«Акселеу Сейдімбек атындағы № 54 мектеп-лицейі ШЖҚ МКК»  
бойынша оқушының тамақтануын ұйымдастыру жөніндегі бракераждық комиссия  
отырысының  
№ 3 Хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 02.12.2025 жыл

**Комиссия төрағасы:**

Казыбаева Улжан Сериковна – мектеп директоры;

**Комиссия мүшелері:**

Матенова Жадыра Галиевна – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Аубакирова Құралай Аллабергеневна – директордың бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары;

Құрманғали Базаркуль Байжанқызы – мектеп медбикесі;

Даутова Сабина Жанатовна – Қамқоршылар кеңесінің мүшесі – Тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы экономикалық талдау бөлімінің бас сарапшысы;

Наурызбаева Мирамкуль Абдигалиевна – ата-ана орта буын сыныптары бойынша

**Комиссия хатшысы:**

Айткенова Шынара Амангельдиевна – әлеуметтік педагог.

Бракераж комиссиясы жоспарға сәйкес мектеп асханасында дайындалған тағамдардың сапасына, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуына және Қыс-көктем ас мәзірі бойынша тамақтандыру процесінің ұйымдастырылуына тексеріс жүргізді.

**Тексеру нәтижелері бойынша:**

**1. Тағам сапасы:**

Дайындалған тағамдардың дәмі, иісі, түсі технологиялық картаға сәйкес.

Тағам температурасы нормаларға сай: ыстық тағамдар – ыстық күйінде, салқын тағамдар – қажетті температурада берілген.

Бұзылған немесе жарамдылық мерзімі өткен тағамдар анықталған жоқ.

**2. Санитарлық-гигиеналық жағдай:**

Асхана бөлмелері таза, ылғалды тазалау уақытылы жүргізіледі.

Қызметкерлер арнайы киіммен, жеке бас гигиенасы талаптарына сай жұмыс істеуде.

Ас үй жабдықтары мен ыдыстар санитарлық талаптарға сәйкес жуылып, сақталған.

**3. Құжаттардың жүргізілуі:**

Технологиялық карталар толық әрі дұрыс толтырылған.

Тағамдардың шығымдылығы мен рецептурасы нормадан ауытқымаған.

Бракераж журналы, термометрия журналы уақытылы толтырылуда.

**4. Қауіпсіздік талаптары:**

Электр жабдықтары қауіпсіз күйде пайдаланылуда.

*Асханы тексеру барысында жасалған ескертулер, кемшіліктер/олардың жойылуы, түзетілуі қаншалықты орындалды/*

- Сүт өнімдері бойынша барлық тағамдар талаптарға сәйкес – сүттер отандық табиғи өнімдерге алмастырылған;

- Ас мәзірі бойынша ботқаның қант-тұз мөлшері талаптарға сай;

- Оқушылардың асханаға қолдарын жуып кіруі бір жүйеге енгізілді;

**Ұсыныс:**

Бастауыш сыныптар мен СУСН категориясы бойынша тегін тамақтанатын оқушылардың «Face ID» жүйесі арқылы толық өтуі қатаң бақылауға алынсын

